

Жұмыс оқу бағдарламасын



титулдық парағы
7.18.4/17

Нысан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Қазақ филологиясы кафедрасы

«Құрмалас сөйлем тарихы» пәнінен
5B011700– «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Павлодар

Жұмыс оқу бағдарламасының
бекіту парағы



Нысан
ҰС ПМУ Н 7.18.4/17

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Н.Э.Пфейфер
«__» _____ 2013 ж

Құрастырушы: _____ ф.ғ.к., профессор Ж.Т. Сарбалаев
_____ ф.ғ.к., доцент Г.Т. Кәріпжанова

Қазақ филологиясы кафедрасы

«Құрмалас сөйлем тарихы» пәні бойынша
5В011700– «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұмыс бағдарламасы ҚР МЖМБС 3.08.275-2006 Мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 22.06.06 бекітілген және қолданысқа енгізілген типтік оқу бағдарламалары негізінде дайындалды.

2013 ж. «__» _____ Кафедра отырысында талқыланған №__ Хаттама.
Кафедра меңгерушісі _____ Н.Қ.Жүсіпов 2013 ж. «__» _____

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған 2013 ж. «__» _____
№__ Хаттама

Факультеттің ОӘК төрайымы _____ С.К. Ксембаева 2013 ж. «__» _____

ОӘБ бастығы _____ Е.Н. Жұманқұлова 2013 ж. «__» _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
2013 ж. «__» _____ № _____ Хаттама

1. Оқу пәнінің төлқұжаты

Пән атауы Құрмалас сөйлем тарихы

Таңдау пәні

Кредиттер саны мен оқу мерзімі

Барлығы – 3 кредит

Курс: 4

Семестр: 7

Аудиториялық сағаттар саны – 45 сағат

Дәріс - 30 сағат

Практикалық /семинарлық сабақтар - 15 сағат

СӨЖ – 90 сағат

Соның ішінде СӨӨЖ – 22,5 сағат

Жалпы еңбексыйымдылығы – 135 сағат

Бақылау түрі

Курстық жұмыс –

Емтихан – 7 семестр

2. Мәні, мақсаты мен міндеттері

Пәннің мәні: қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемінің тарихы туралы студенттерге негізгі теориялық мағлұматтар беру.

Пәнді оқытудың мақсаты: курс қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемінің зерттелу және қалыптасу тарихын қарастыруды мақсат етеді.

Пәнді оқытудың міндеттері: қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелері, жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамалар қамтылды. Осы арқылы қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық өзгерістер негізінде, қазақ тілінің мемлекеттік статус алуы негізінде туған тілдің функционалдық өрісі, жаңа процестер оқу материалына енгізіліді.

Бағдарлама құрмалас сөйлем жүйесін қазіргі қазақ тілі курсының бұрынғы өтілген бөлімдерінің материалдарымен тығыз байланыстырып оқытуды міндет етеді. Өйткені тілдің фонетикалық, лексикалық тұлғалары сөйлемнің грамматикалық, функционалдық тұрпатының қалыптасуына тікелей қатысады. Мұнымен бірге құрмалас сөйлемді таныту психология, информатика пәндерімен байланыста жүзеге асады.

Құрмалас сөйлемдер жүйесі жөніндегі мағлұматтар студенттердің болашақ кәсібін, жұмыс тәжірибесін де ескеріп құралды. Ескерілген талаптың бірі – мағлұматтар қоғамның коммуникативтік міндетіне – оның ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу қабілетін қалыптасытыру міндетіне сай болды.

Курс теориялық біліммен қатар студенттерге практикалық дағдылар беруді де міндет етеді. Сондықтан лекциялармен қатар семинарлар, лабораториялық жұмыстар түрінде өтетін сабақтар да жүргізіледі. Семинар, лабораториялық жұмыстар студенттерге тіл фактілерін нақты танытып, олардың сөйлеу мәдениетін, жазу сауатын жетілдіруді міндет етеді.

Курс студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына бейімдеуді де ескереді. Бағдарлама қамтыған теориялық, практикалық білім кредиттік технологияны қатыстыру арқылы жүзеге асуға тиіс. Бағдарлама оқыту жүйесіндегі бұл бағытты да ескерген.

3. Білімге, дағдыларға және құзіреттіліктерге қойылатын талаптар

Пәнді оқу барысында студент білуі тиіс:

мыналар туралы түсініктері болуы:

- құрмалас сөйлемнің күрделену жолдары мен құрылымдық түрлерін;

- лексикалық және морфологиялық аспектілердің астасып жататын тұстарын;

- тілдік (синтаксистік) элементтердің құрылымдық ерекшеліктерін;

- құрмалас сөйлемнің мақсаттық түрлерін айқындауды;

- құрмалас сөйлемдердің жасалу үлгілерін;

- құрмалас сөйлемнің заңдылықтарын;

- синтаксистің сөз таптарына қатыстылығын.

білулері қажет:

- құрмалас сөйлемнің күрделену жолдары мен құрылымдық түрлерін;

- лексикалық және морфологиялық аспектілердің астасып жататын тұстарын.

- тілдік (синтаксистік) элементтердің құрылымдық ерекшеліктерін.

істей білулері қажет:

- құрмалас сөйлемнің тарихын тануды;

- құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажырата білуді.

іс жүзіндегі дағдылары болуы қажет:

- құрмалас сөйлемдерді талдай білуде.

құзіретті болулары қажет

- синтаксиске, яғни құрмалас сөйлемге қатысты жаттығуларды грамматикалық еңбектерден орындай алуы;

- тіл байлығын, ой-өрісін дамытуға арналған жаттығуларды орындай алуы тиіс;

- тілдік нормаларды сақтай білуі тиіс.

4 Пәнді оқудың тақырыптық жоспары

4.1 Академиялық сағаттарды сабақ түрлері бойынша реттеу

р/с	Тақырыптың атауы	Сабақ түрлері бойынша аудиториялық сағаттар саны			СӨЖМ	
		Дәріс	практикалық (семинарлық)	лабораториялық студиялық, жеке	Барлығы	Соның ішінде СӨЖ
1	Кіріспе. Құрмалас сөйлем оқудың мазмұны. Құрмалас сөйлемдердің синтаксистік жүйедегі орны.	2	1		6	2
2	Салалас сөйлем. құрмалас	2	1		6	2,5
3	Қарсылықтық салалас құрмалас сөйлемдер. Жалғаулықты себептік салалас құрмалас, талғаулықтық сөйлемдердің грамматикалық, семантикалық сипаты.	2	1		6	1
4	Іргелес салалас құрмалас сөйлемдердің грамматикалық, функционалдық сипаты, іргелес салалас құрмалас сөйлемдердің грамматикалық, семантикалық топтары.	2	1		6	1
5	Мезгілдік қатынасты білдіретін іргелес	2	1		6	1

	салалас сөйлемдер.					
6	Қарсылықты қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер.	2	1		6	1
7	Талғаулықтық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер.	2	1		6	1
8	Себептік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер.	2	1		6	1
9	Шарттық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер.	2	1		6	1
10	Теңдік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер.	2	1		6	1
11	Сабақтас құрмалас сөйлемдер.	2	1		6	2
12	Есімше формаларының қатысуымен құрылатын сабақтас құрмалас сөйлемдер.	2	1		6	1
13	Көсемше формалы етістіктің қатысуымен жасалған сабақтас құрмалас сөйлем.	2	1		6	1
14	Көп компонентті құрмалас сөйлемдер.	2	1		6	1
15	Көп компонентті салалас құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің байла-нысуына тән ерекшеліктері.	2	1		6	2
16	Көп компонентті сабақтас құрмалас сөйлемдер.					1
17	Аралас құрмалас сөйлемдердің грамматикалық					1

	сипаты.					
18	Қазақ тілі құрмалас сөйлемдер жүйесінің зерттелу тарихына шолу.					1
	Барлығы: 135 (3 кредит)	30	15		90	22,5

Қолданылатын әдебиеттер

Негізгі:

- 1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Павлодар, 2010

Қосымша:

- 1 Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2005
- 2 Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1998.
- 3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
- 4 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы, 1996.

